

Отырар аудандық мәслихатының 2013 жылғы 16 тамыздағы № 17/103-V " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар аудандық мәслихатының 2014 жылғы 21 ақпандағы № 23/138-V шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 27 наурызда № 2587 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар аудандық мәслихатының 2016 жылғы 11 шілдедегі № 3/19-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар аудандық мәслихатының 11.07.2016 № 3/19-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабының 2-3 тармағына және Қазақстан Республикасында қаржы нарығының тұрақсыздануына байланысты аз қамтылған отбасыларын әлеуметтік тұрғыда қолдау мақсатында 2014 жылы қосымша материалдық көмек көрсету үшін, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Отырар аудандық мәслихатының 2013 жылғы 16 тамыздағы 17/103-V " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2378 нөмірімен тіркелген, 2013 жылғы 27 қыркүйектегі "Отырар алқабы" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасында:

9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"9. Әлеуметтік көмек мынадай санаттағы азаматтарға ұсынылады:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне біржолғы 1000 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдарға, біржолғы 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін;

2) күтім көрсетуге мұқтаж сексен жастан асқан қарттарға, жол жүрумен байланысты шығындарын өтеуге, ай сайын 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін;

3) үйде оқып және тәрбиеленіп жатқан мүгедек балаларға ай сайын 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін;

4) жеке оңалту бағдарламасы бойынша мүгедектерге қоларбамен қамтамасыз етуге:

серуендеуге арналған қоларбаға 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін;

бөлмеге арналған қоларбаға 25 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін;

мүгедек балаларға 25 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін;

5) зейнеткерлер мен мүгедектерге шипажай немесе оңалту орталықтарына жолдама үшін, біржолғы 37 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін;

6) адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтырған балалары бар отбасыларына біржолғы 22 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін;

7) өмірлік қиын жағдайларға ұшыраған азаматтарға біржолғы 300 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін;

8) халықтың аз қамтамасыз етілген бөлігін қолдау мақсатында, Ұлттық валюта курсының төмендеуі орын алған айдан бастап үш ай мерзімде отбасыға ай сайын 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсету. Әлеуметтік көмек өтініш берген айдан бастап үш айға тағайындалады және ай сайын төленеді.

Бұл ретте азаматтарды өмірлік қиын жағдай туындаған кезде мұқтаждар санатына жатқызу үшін мыналар:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздемелер;

2) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтіру не әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы;

3) жан басына шаққандағы орташа табысы ең төмен күнкөріс деңгейіне еселік қатынаста алпыс пайызынан аспайтын табыстың болуы.

Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өмірлік қиын жағдай туындаған кезде азаматтар бір ай мерзім ішінде әлеуметтік көмекке өтініш білдіру қажет.

Арнайы комиссиялар әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарған кезде жергілікті өкілді органдар бекіткен азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіздемелер тізбесін басшылыққа алады".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихат хатшысы*

*Б.Байымбетов
Б.Зұлпыхаров*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК